

ARROWART

Постсоциалистік елдердегі діндарлық немесе діннің оралуы дінге оралудан жеңіл ме?

Бүгінгі әлемдік дінтану ілімі бұрынғы социалистік елдерге діннің оралуы мен адамдардың дінді қабылдауына аса назар аударады. Әсіресе, Ресей мен Орталық Азия елдері мұсылмандарына зор мән берілді. Ресейге орыстардың 1991 жылдан көптеп қоныс аударуына қарамастан, орыстардың саны 119-дан 115 миллионға дейін азайды, ал, мұсылмандардың саны 20 миллионға жетті. Мұсылмандар Мәскеуде көп, олардың саны үш миллионға жуық. КСРО-да 290 млн. адам өмір сүрді, сол кездегі болжам бойынша, елде 70 млн. адам діндар, 40 конфессия өкілдерінен тұратын 15 мыңнан астам діни бірлестіктер тіркелген. XX ғасырдың 80-жылдары Кеңес Одағында жүргізілген зерттеулерге қарағанда, төрт адамның біріне жуығы дінге әртүрлі деңгейде мән берсе, қалада олар 10-20%, ауылда 30-40% болған, олардың арасында аға ұрпақ, әйелдер басым. Көпдінді кеңестер елінде ислам дініндегілер өз дініне басқалардан берігірек болған сияқты. Дінді мойындаушылардың мешітке, не шіркеуге баруға мүмкіндіктері бола бермеген, сондықтан, отбасында діни мерекелерді, салт-дәстүрлерді ұстанған. Дінге деген ықылас, әсіресе, кеңестік гуманитарлық интеллигенция арасында жоғары көрінді. Ұлттық мәдениет, әдебиет, сондай-ақ, ауыз әдебиетін, сәулет өнерін, археология, этнография, тіл білімін, музей құндылықтарының мәні мен мазмұнын діннің рухани ықпалынсыз түсіну мүмкін еместігіне бұрын да көз жеткізілді, атеизм салдарынан жас ұрпақтың төлтума өркениеттен, рухани құндылықтан жат бола бастағаны да ойландырды. Социализмнің ыдырауы барлық діндерге жол ашты. 1988 жылы Кеңестер Одағында Русьтың православ дінін қабылдай бастағанының мың жылдығының аталуы мемлекет, діни ұйымдар мен қоғам арасындағы қарым-қатынастардың өзгеруіндегі маңызды бетбұрыс болды. Биліктің дінге бетбұрысын түсінген дін өкілдері өз талаптарын қанағаттандыра бастады: жылжымайтын меншіктерді (мешіт, шіркеулер) қайтару; діни оқу орындарын ашу, дінтану пәнін оқу орнына енгізу; депутат болып сайланып, билікке кіру; заңды тұрғыдан діндерге, мысалы, ислам, православ, ерекше мәртебе берілуі; әртүрлі жолдармен мемлекеттен ақшалай, басқа да қолдау алу; мешіттер мен шіркеулердің санының өсуі; бұқаралық ақпарат құралдарында өз орнын алуы; діни әдебиет, діни музыка, діни сәулет өнерінің де дамуы және т.б. Мемлекеттердің діни, рухани келбеті өзгере бастады. Діннің оралуы мен халықтардың дінге оралуы екі жақты күрделі қайшылыққа толы үрдіс. Діннің оралуы дінге оралудан жеңіл. Адамдардың дінге оралуы, дүниетанымы, құндылықтары діннің оралуымен бірге өзгере салмайды. Діннің оралуын кейде «діни

ренессанс», діннің қайта өркендеуі деп бағалайды. Дегенмен, бұл күрделі өзгерістердің мазмұнын толық бермейді. Діни ұйымдар қоғамның өмірінде елеулі қызмет ете бастағанымен, ол дінді қабылдаған дегенді білдірмейді, дін адамдардың ішкі дүниесінің қажеттілігіне бірден айналуы мүмкін емес. Діни ренессанс діни ілімді меңгеруге деген құлшынысты емес, заңсыздық, қуғын сүргіннен, идеологиялық ноқтадан еркіндік алу деген көңіл-күймен байланысты еді. Орыс ақыны А.Вознесенскийдің «мы некрещенные дети империи, веру нащупывали от противного» деуі осыдан. Діни бірлестіктердің тез өсуі олардың рухани ықпалының бұқара халыққа өскені дегенді білдірмейді. Сондай-ақ, бұл үрдіс дәстүрлі діндер мен атеизмнің көріністерінің арасында да ымыраға келмейтін қарама-қарсылық та тудырмайды. Әлеуметтанушылар посткеңестік елдері халқының діни дүниетанымындағы екі ерекшелікке назар аударады. Біріншіден, діннің негізгі догматтарын, қасиетті кітаптарды білумен, ғибадат үйлеріне (мешіт, шіркеу) бару, діни салт-жораларды орындаушылардың санының өсуімен қатар, сиқырлы, астрология, спиритизмге, тағы діннен басқа күштерге сенумен, ең бір таңқаларлығы жемқорлықты, ұрлықты қолдаумен қатар жүреді. Эклектизм, кейде синкретизм деп те айтады. Жаратушыға сенумен қатар, сиқырлы күштерге, бал ашушыларға, сәуегейлік жасаушыларға, жасанды ел аралап жүрген әулиелерге сенумен қатар жүрді. Бұл әлемдік құбылыс: «эклектиктер» мен «синкретиктер» дәстүрлі діндермен қатар келе жатыр және олар дінге қарсы емес. Дін өкілдерінің бірқатары оларды діннен шығаруды қолдамайды, бірақ, бұл пікір ислам дініндегілермен үйлесе бермейді. Әлеуметтік ортаға байланысты исламдық синкретизм, христиандық синкретизм деп саралауға болады. Діндегі жастардың арасында адамгершілік принциптері мен діни наным-сенімдерінің арасында ашық қайшылықтар кездеседі. Бірқатар діндар жастар ұрлықты қолдап, бүгінгі қоғамдық қатынастар жүйесі ұрлыққа негізделген, ұрлықсыз бүгінгі заманда қалай болғанда да өмір сүруге болмайды деп есептейді. Пара алуды клиенттермен есеп айырудың нарықтық механизмі десе, жезөкшелік, шылым тарту, еркін жыныстық қатынастар еркіндік пен адам құқының көрінісі деп бағалайды. Бұл жағдай постсоциалистік елдердегі православ және мұсылман жастары арасында жиі кездеседі. Кереғар, өзара үйлеспейтін әралуан көзқарастарды дәйексіз біріктіруді кейде кентавр-ситуация дейді. Грек мифологиясындағы денесі ат, төсі мен басы адам мүсіндес жануар сияқты әркелкі пікірлерді шатыстыруды білдіреді. Бүгінгі зайырлы дінтану ілімі ақылға сыймайтын үш парадоксты құбылыс барлығына назар аудартады. Бірінші, діни Ренессанс (жаңару, өркендеу) туралы мәлімдемелер мен халықтың шынайы діншілдік деңгейінің төмендігі; Екінші, сырттай діншіл көрінгенмен, іштей дінге деген үстүртін қарау (мешітке, діни ұстанымдарға көзқарас); Үшінші, діншілдіктің деңгейі, сенімнің

шынайылығы туралы көзқарастардағы қайшылықтар. Сондықтан, «діни бірлестіктерден тыс діндарлық» деуге болатын топтар бар. Олар Құдайға сенеді, бірақ, ешқандай дәстүрлі діндерді ұстанбайды, христиандықта бар, бірақ ешқандай конфессияға өздерін жатқызбайды; православиеде бар, дегенмен, орыс православие шіркеуіне жатқызбайды, ислам дінінде бар, сондай-ақ, суниттер де, шииттер де емес, мазхабтарды айыра алмайтындар бар. Түрлі-түрлі діни ағымдар мен ұстанымы айқындалмағандар елдің рухани бірлігіне жағымды ықпал етпейтіні белгілі. Екіншіден, посткеңестік елдерде дін саласында жаңа феномен көрініс алды, адамдар діннен гөрі, діни дәстүрге, мәдениетке жақын. Олардың мұсылмандар, христиандар екені анық, бірақ, сол дінде екендігіне сенімі тайыз, дегенмен, сол діни дәстүрлердің жағымды екеніне, оның мәдени, адамгершілік маңызына сенімді. Дәстүр арқылы дінді қабылдау мәдениеті қалыптасу үстінде. Дін ұлттық мәдениетке, психологияға өз ізін, қалыбын салды. Сондықтан, дәстүрлі дін адамның сана-сезімі мен дүниетанымына ең жақын, ең түсінікті етіп, оның адами, мәдени қасиеттерін, табиғи танымын тұтастай бір құндылыққа айналдырады. Дәстүрлі діншілдік әр ұлттың салт-дәстүрлерімен терең қабылданған. Мысалы, шеркес пен әдігейлер арасында байырғы халықтың наным-сенімінің негізіне айналған құндылық – әдеп пен намыс кодексі, тіпті, шарифат заңдарынан да жоғары. Соның ішінде, әсіресе, үлкендерді құрметтеу дәстүрі ерекше: «жасы үлкеннің билігі Құдайдың билігіндей» дейді. Бабаларға табыну, отбасын қастерлеу, жауынгершілік айбаттан құндылық. «Әдігей сарбазынан молла тәрбиелеу, түрік молласынан сарбаз дайындаудан қиын» деген нақыл сөз сақталып келеді. «Дәм Құраннан да қастерлі» делінеді. Қазақтар да «Құранды басып, Нанды алуға болады, Нанды басып, Құранды алуға болмайды» дейді. Исламға дейінгі және исламды қабылдағаннан кейінгі де адамды жерлеу салттары бірін-бірі толықтырып жатады. Қазақтың дәстүрлі діндарлығы Жаратушыны ақиқат деп қабылдаған, шынайы адалдықтан, ішкі түйсігінен туған сенім. Тағатшылық, қайырымдылық, жанашырлық, кешірімділік, табиғатты сыйлау Алла-тағаланың тұтас қазақ этносының және жеке адамның тіршілігінің амалына айналған. Дәстүрлі діндарлық ұлттың психологиясын, мәдениетін, тұрмысын тұтастай болмысын реттеп әлеумет ретінде басын біріктіреді, оны талай дағдарыстан, ішкі, сыртқы қауіп-қатерден, кездейсоқ уақиғалардан сақтады, қорғады. Аштық, соғыстар мен қуғын-сүргінде қазақ ауыртпашылықты ел болып басынан бірге өткізген. Қазақтың мәдениеті жеке бастың мүддесі емес, қауымдастықтың мүддесіне, тілектестігіне негізделген. Философиялық тілмен айтсақ, дәстүрлі діни таным теориялық қағидалардан гөрі күнделікті дағдысына, наным-сенімге негізделген. Ол тұрақтылықтың, бүгінгі мына құбылмалы заманда баянды өмірдің кепілі. Қазаққа аштықтан, жалаңаштықтан гөрі, жалғыздық батады, жалғыздыққа

шыдай алмайды. Социолог А.Г.Гофманның айтуынша, дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын әлеуметтік, мәдени құндылықтар ретіндегі қызметі, мағынасы мен мәні көпастарлы. Ғалым дәстүрге әртүрлі көзқарастар барлығына, деңгейлеріне назар аударады: «дәстүрге селқостық»; «үйреншікті тұрмысты еске алу»; «дәстүрді сағыну»; «ақиқат пен аңызға айналған бұрынғыға оралу»; «дәстүр-салт жоралар», «өткен уақиғаларды астарлап еске түсіру»; «тұрақты дәстүр», «ұзақ мерзімде сақталып келген бейне»; «дәстүрдің сырттай көрінісі, сырты жаңа, іші ескі құбылыс». А.Гофман дәстүрлерді әлеуметтік-мәдени құбылыстардың бір-бірімен әрекеттестігі негізінде зерттеуді ұсынады: инновациялар, мәдениеттер байланыстары, басқа мәдениеттермен сіңісуі, жаһандану мен ақпараттандырудың салдары мен ықпалы. Дәстүрлерді мәңгілік ақиқат деу қателіктерге жолықтырады. Исламға негізделген ұлттық дәстүр ықпалды идеологиялық құбылыс, тәбиелік, этикалық қызмет атқарады, ұлттың байырғы ата-баба негізіне орнығуына, түп-тамырының жандануына, өзін-өзі тануына жол ашады. Күрделі, аумалы-төкпелі заманда ол айқын бағыт-бағдарсыз қалған миллиондағандарға тірек, жаңа жағдайға бейімделуге өзара сенімге, көмек пен қайырымдылыққа икемдейді. Посткеңестік ислам елдерінде 1980 жылдары мен 1990 жылдардың басы «исламның жаңаруы», отаршылдықтан, 70 жылғы атеизмнен кейін КСРО-дағы түркі халықтарының тарихи дәстүріне оралуы кезеңі деуге болар, бірақ «оралған исламның» революциядан бұрынғы канондарынан ерекшелігі болатыны белгілі болды. Дәстүрлі мұсылмандық-қауымдастық – аграрлық қоғамның жемісі. Бүгін мұсылман жамағаты қалада шоғырлануда, индустриалдық, постиндустриалдық дамуға бет алған қоғамда өмір сүреді. Дәстүрлі қоғамда дін отбасылық, ру-тайпалық сана-сезім негізінде елдің басын біріктірсе, бүгінгі жаһандану тұсында ислам елдің ұлттық және адамзаттық құндылықтарының негізі. Жаһандану мұсылман құндылықтарын либерализм мен демократия идеяларымен үйлесуге итермелейді. Бүгін бұл ағымды еуроислам деп те атайды. Ақпараттық қоғам тек шаруашылықты ғана емес, өмірді түбірімен өзгертіп, адамдардың құндылықтары мен талғамын қайта құруда. «Исламдық жаһандану» («исламская глобализация») әлсіреген ислам руханиятын араб үлгісіндегі исламмен қуаттандыруды көздейді. Ислам елдерінен ағылып келген уағызшылар мен шет ел діни орталықтарында дайындалған молла, имамдар бабалар дәстүрін қайта қарап, өзгеріс енгізуді мақсат етті, осыдан дәстүр төңірегінде пікір-таластар туды. «Исламдық жаңашылдар» дәстүрдің тек арабтық үлгісіне жүгініп, соны ғана ақиқат деп есептейді. Бұл қайшылық түсінікті де, себебі, мәдениет өмірдің әртүрлі кырларымен байланысты. Оның дамуы ұдайы жаңарумен, өзгерумен, қоғам мен табиғат ықпалдастығы, ғылым, техника, саясат амалдарымен, ұлттық тілдер мен мәдениеттердің өзара

әрекеттестігімен байланысты. Дәстүрлі өмір салты терең өзгерістерге ұшырады. Дәстүрлі қазақ қоғамында діншілдік бала күнінен отбасы, медресе, басқа діни оқу орындарынан санаға сіңіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Социализм тұсында ол институттар өз маңызын жойды. Бүгін адамның әлем, қоғам, табиғат туралы дүниетанымын тек дін емес, негізін зайырлы білім де қалыптастырады. Бүгінгі діндер де бұрынғыдай барлық қызметі мен орны анықталған, нақтыланған діндер емес, ауқымды көп салада, бәсекелестік жағдайында өмірге араласа бастады. Бүгін бұрынғыдан гөрі, адамдардың рухани сұраныстары өсіп тұрған заманда интернет діни ақпаратты жеткізуші, діни қажеттілікті қанағаттандырушы қызмет атқаруда. Сонымен бірге, жаһандану барлық ұлттарға постиндустриалдық қоғамның моделін танумен бірге, саяси-экономикалық сала мен рухани саланы да бір ізге салуға итермелейді. Бүгін ғылым, білім, интернет заманында дәстүрлі наным-сенім бірте-бірте босаңсып, ақпараттық заман қауіп төндіре бастады. Жаһандану заманы дәстүрлі наным-сенімнің түп негізін, этностық болмыстың тұтастығын, этнопсихологиялық іштей байланысын ыдыратып, ұрпақтар сабақтастығының үзілуіне әкелуі де мүмкін. Сондықтан, посткеңестік мұсылман елдерінде жалпы мұсылмандар арасында дін мен ұлттық дәстүр, дүниетаным мәселесі жаңа өткір сипат алды. Дінге, оның дүниетанымдық астарына ықыластың селқостықтығы, терең көңіл толмайтындығы көрінді. Діншілдіктің әр дінде де екі шектен шыққан көрінісі белең алады. Бір жағынан, шектен шыққан діншілдік, фанатизм, екінші жағынан, дінге деген селқостық. Қай дінде де, қай заманда да екіжүзділік болған, бола береді, мешіттерде, шіркеулерде синагогтарда халықтың алдында уағыз айтуымен өмір алшақтығына пайғамбарлар да назар аударған. Ал, ақпараттық қоғамда еркіндік жағдайда адамдардың дін таңдауына да құқы бар, сол шексіз еркіндік діннің шырқын бұзып, кесел келтіреді, қалыптасқан бағыттан, дәстүрлі діннен айырылуға әкеледі. Әсіресе, жастарды адастырады, олар басқа діни бағытты оған берілгендіктен, сенгендіктен емес, пікір алмасу үшін, қызығушылықтан қолдайды. Посткеңестік елдердегі діни ахуал, сонымен, бір жағынан, ақпараттық заман ықпалына байланысты болса, екінші жағынан, қоғамның рухани өміріне, діни институттардың, нақтылап айтсақ, діни бірлестіктердің қызметіне, беделіне, діни әдебиет пен діни насихат, сонымен бірге, мемлекеттік органдардың дінмен қарым-қатынасы, өзара сыйластығы, болмаса, біржақты үстемдігі ықпал етеді. Назар салып зерделесек, діни ахуалдың күрделілігін, өмірдің сан қилы астарларымен байланыстарын көреміз. Діни ахуалды тек діни бірлестіктердің қызметімен, болмаса, дінді реттейтін мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерімен байланыстыру келтелеу пайымдау болар еді. Сол себепті, діни ахуалға экономикалық, нарықтық қатынастардың дамуы, елдің бай мен жарлыға жіктелуі, діни басқа адамдардың ұлттық экономикадағы рөлінің өсуі, шаруашылық тұтқаларының шетел-

діктердің қолында болуы, жемқорлық зор әсер етеді. Сонымен бірге, еркіндік адамдарды жаңа іс-әрекеттерге, әртүрлі ағымдарды таңдауына мүмкіндік туғызады, итермелейді. Әлі де ысылмаған, оңын-солын танымағандар жетекке ере береді. Сондықтан, постсоциалистік, пост-атеистік елдердегі ғалымдардың діндарлық туралы пікірлері қарама-қайшы. Сербиялық социолог Д.Б.Джорджевичтің айтуынша, діндарлықтың басты белгісі о дүниеге, жұмақ пен тамұққа сену, Иса пайғамбарды Құдайдың Ұлы деп мойындау десек, православтар ол елде екіге жарылады, қарама-қарсы пікір ұстанады. Сондықтан, халықтың қалпы, ой жүйесі өзгерген жоқ және өзгереді деп те болжау қиын. Д.Б.Джорджевич «Діннің басты догмаларына сенбейтіндерді осы діннің жолын қуушылар деуге бола ма?» – деген сауал қояды. Эмпирикалық материалдарды талдай келе, автор сербтерді өз дініне жатқызу қиын, олар белсенді діни амалдан қашық, сондықтан, шынайы діндарлар аз деген қорытындыға келеді. Діннің талаптарын орындамайтын, оны басшылыққа алмайтын, діни салт-дәстүрді орындамайтын жағдайды діни дағдарыс деп бағалайды автор. Шіркеудің табалдырығын аттамайтын, үнемі Құдайға құлшылық етпейтін, шоқынбайтын, пост ұстамайтындар, өмір салты дінге бейімделмегендер баршылық. Сондықтан, діндеміз деушілердің басым көпшілігі шынайы дінге емес, дәстүрлі салт-жораларға, дінге оралуға, алғашқы қадамдар жасалып жатыр деп түйеді. Осыдан Джорджевич сербтердің діндарлығын сенімсіз, дәстүрді ғана ұстанушылық деп бағалайды. Оның пікірлерінің жаны бар. Тек православ сербтер ғана емес, мұсылман қазақтар да діни догматтардан гөрі, дәстүрге зор мән беретіндігін айттық. Бұл ұстанымды қолдамайтын ғалымдар социализм тұсында халықтың 10% ғана дінде болса, енді, 10% ғана дінде жоқ, респонденттердің басым көпшілігі 55-60% астамы Құдай мен діннің маңыздылығын мойындаған дейді. Ал, халықтың православие ұстанушылары елде 85% құрайды. Діни сана туралы жағдай екі жақты. Құдайға сенім ортақ, ал, басқа қырынан алғанда, діни сана жаңару үстінде. Үстүртін діншілдік католиктерде кең тараған құбылыс, сондай-ақ, ол протестанттық ортада да көрініс алып отыр. Сонымен, діни жаңару Сербияда ақиқат па, әлде аңыз ба деген сауалға ақиқат та, аңыз да деп жауап береді автор. Ақиқат деуге негіз бар: дін этностардың басын біріктіруші, дүниетанымдық, билікті қолдаушы әлеуметтік және идеологиялық та қызмет атқарады. Аңыз деп те есептеуге негіз бар. Жаңаруды адамдардың рухани байлығымен, Құдаймен байланыстың жаңа сапаға көтерілуімен өлшейді. Жаппай жемқорлық, қылмыстың өсуі, зорлық-зомбылық, басқа да келеңсіздіктер күткен үмітті ақтамады, ақтайды деу де қиын. Қазақстандағы діни жаңару жағдайында осылайша ақиқат деуге де, аңыз деуге де негіз бар. Ақиқаты сол, халық дінге жаппай бетбұрыс жасады, мешіттер мен шіркеулер көбейді, діни қызметкерлер мен діни оқу орындарының саны өсті, дінтану пәніне ықылас артуда, БАҚ-тағы

діннің ықпалы соның дәлелі. Аңыз деуге де уәждер жеткілікті. Отыз жылға жуық халық тарихи байырғы дініне оралуда. Бірақ, қылмыс, әсіресе, жастардың арасында өсуде, жемқорлық, ұрлық елді жайлады, отбасы дағдарысы бөлек мәселе. Тұтынушылық психология, моральдық дағдарыс елді әлсіретті. Егер, бұрын осы құлдилауды тоталитарлық жүйеге аударсақ, бүгін қоғамдық пікір дәстүрлі діндер қолдайтын саяси жүйені айыптап қана қоймай, діннің ықпалының әлсіздігіне назар аударады. Коммунистік идеология дағдарысқа ұшырап, социалистік жүйе ыдырай бастағанда, біз бар үмітіміз бен сенімімізді Құдаймен, дінмен байланыстырдық. Бірақ, діннен діндарлық сана өзінен-өзі өсіп өрбімейді. Жеке адамның өзін белгілі бір діни қауымдастыққа жатқызуымен ол дінді ішкі дүниесімен қабылдауы оның тұтастай өміріне тең уақытқа созылады. Халықтың діндарлығы статистикалық деректермен, діндегілердің санымен де, мешіт пен шіркеулердің көбеюімен де өлшенбейді. Христиандық адам христиан, ислам адам мұсылман болып туады дегенмен, дінді қабылдау, оның дара өмір жолына, тәрбиесіне, біліміне және этномәдени ортасына, заманына байланысты. Діндарлық – ұзақ рухани ізденістің, таңдаудың жемісі. «Жамандық, жақсылықпен оған бір бәс, дін ісін, құдай ісін айыра алмас» – деп Абай айтқан сын бүгінгі заманға да тән.